адрес: ЮКО,Ордабасинский район,с.Темирлан,
ул.Кажымухана №47.
эл.почша:send_quickly@mail.ru
тел:8-700-640-70-70

исх№20
дата:17.04.2018г.

Оңтүстік Қазақстан облысы
прокуроры Н.Әбдіровке

Қазақстан Республикасы
қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Оңтүстік Қазақстан облысы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаметінің басшысы
Б.Көшербайға

"Карат-Z"ЖШС-гі нен
БИН:020940003169

Мемлекеттік сатып алулар аясында.

Құрметті Батырбек Көшербай, біз,"Карат-Z"ЖШС-гі **""Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі** ұйымдастырушы болып табылатын конкурс **№2375100-1 лот№ 18101520-ОК1** ашық конкурс тәсілімен өткен **" Каналдарды ағымдағы жөндеу жұмыстары**(ОҚО Сарыағаш ауданыБіртілек а/о Тартулы каналындағы төтенше жағдай қауіп-қатерін оқшаулау және жою)" мемлекеттік сатып алу процессінде корытындылар туралы хаттамасында ұйымдастырушы тарапынан кеткен қателікке наразылық білдіреміз.

Анығырақ айтқанда жоғарыда көрсетілген сатып алу бойынша біз яғни **"Карат-Z"ЖШС-гі** өтінім білдірген әлеуетті өнім берушілер арасында ең төмен баға берушіміз.Алайда ұйымдастырушы аталған лот бойынша жеңімпаз болып танылған **"Алтынбек и Б"**ЖШС- гі растаушы құжаттарын тиісінше ұсынбауына қарамастан шартты жеңілдік мөлшерін жоғары есептеп,біз яғни **"Карат-Z"ЖШС-гі** екінші орын алған әлеуетті өнім беруші болып танылды.

Нақтылай айтқанда, шартты жеңілдік мөлшерін есептелінуі үшін ұсынылатын жұмыс тәжірбиесінің растаушы құжаттары Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес айқындалады.Жеңімпаз болып танылған **"Алтынбек и Б"**ЖШС- гі жұмыс тәжірбиесінің растаушы құжатты ретінде **Объектіні пайдалануға қабылдау актілерін** ғана ұсынған.Айта кетсек **Алтынбек и Б"**ЖШС- гі **орындалған жұмыстарды қабылдау(форма 2)** растаушы құжатын мүлдем ұсынбаған. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 3-тармағына сай: Егер конкурстың нысанасы *жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу* болып табылған жағдайда *орындалған жұмыстарды қабылдау(форма 2)* **және** *объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің* электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады- деп айқын көрсетілген.Яғни **"Алтынбек и Б"**ЖШС- гі жоғарыда аталған жұмыстарға жататын растаушы құжаттарын толық ұсынбаған.

Және де Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 5-тармағына сай: *Егер конкурс нысанасы құрылыспен, жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттармен байланысы жоқ жұмыстардың өзге түрлері болып табылған жағдайда* ***орындалған жұмыстар актілерінің(акт выполненных работ)*** *электрондық көшірмелері болып табылады.*-деп айқын жазылған. Егерде **"Алтынбек и Б"**ЖШС- гі орындаған жұмыстарын осы тармақшадағы көрсетілген жұмыс түріне сай деп саралағанның өзінде ***орындалған жұмыстар актілерінің(акт выполненных работ)***-растаушы құжаты болған жағдайда ғана шартты жеңілдік мөлшері есептелінуі тиіс,алайда аталған растаушы құжаттарды **"Алтынбек и Б"**ЖШС- гі ұсынбаған.Осыған орай **"Алтынбек и Б"**ЖШС- гі жұмыс тәжірбиесі мүлдем есептелінбеуі тиіс. Мемлекеттік сатып алулар заңы әлеуетті өнім берушілердің ұсынбаған құжаттарын толықтыру мақсатында заңды және жеке тұлғалардан сұрау салуға рұқсат етпейді және аталған әрекетті жасаған тұлғаларға әкімшілік жаза қолданылатындығы баршамызға белгілі. Және де ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарын(жұмыс тәжірбиесін) тек қана мемлекеттік сатып алулар веб-порталына аталған сатып алулар бойынша ұсынған құжаттар аясында ғана айқындайтындығы белгілі.

Қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес аталған сатып алу бойынша ең төмен баға беруші **"Карат-Z"ЖШС-гі** болып табылады.Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 4-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алудың негізгі қағидаты болып,мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы әрі тиімді

жұмсау болып табылады.Егерде **"Карат-Z"ЖШС-гі** жеңімпаз болып табылса **"Алтынбек и Б"**ЖШС- гі ұсынған бағаға қоса **1 319 746** теңге Мемлекет пайдасына үнемделінген болар еді

Қорытындылай келе, жоғарыда көрсеткен заңды уәждерімізді ескере отыра,камералдық бақылау жүргізіп, **"Алтынбек и Б"**ЖШС- гінің шартты жеңілдік мөлшерін растаушы құжаттарын тиісінше ұсынбауына байланысты есепке алмай, қорытындылар туралы хаттаманы қайта қарауға, өтінім білдірген әлеуетті өнім берушілер арасында ең төмен баға берген **"Карат-Z"ЖШС-гі "** аталған конкурс бойынша жеңімпаз болуына заң шеңберінде ықпал етуіңізді сұранамын.

"Карат-Z"ЖШС-гі "
директоры **Нупбаева Ж.Д**